

**ҒЫЛЫМИ
ЖУРНАЛ**

№ 4


2018



ISSN 1999-4214

**Еуразия гуманитарлық
институтының**

ХАБАРШИСЫ



ВЕСТНИК

**Евразийского гуманитарного
института**

**НАУЧНЫЙ
ЖУРНАЛ**

№ 4

2018



ӨОЖ 415.61

Аннотация

Мақалада көрнекті жазушы Қ.Ысқақовтың «Бұқтырма сарыны» повесінің көркемдік-идеялық ерекшелігі көрсетілген. Авторлар бұл шығарманы экзистенциализм философиясы аясында қарастырған. Әлемнің жаулығы, кейіпкердің тағдыр алдындағы шарасыздығы, жалғыздық, жатсынуы секілді экзистенциализм ағымының көптеген модустарымақалада талданған. Әсіресе жатсынудың әлеуметтік түріне баса назар аударылған. Сондай-ақ кеңестік кезеңде айтуға болмайтын, бірақ мәтін астарынан танылатын жаңа, ұлттық мағыналар ашылып көрсетілген.

Түйін сөздер: экзистенциализм, жатсыну, көркемдік-идеялық ерекшелік, әлеуметтік жатсыну, мәтін астары

Л.Н. Дәуренбекова
Еуразия гуманитарлық институты,
филол. ғыл. канд., доцент

Е.М. Солтанаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті,
филол. ғыл. канд., доцент

**Қ. Ысқақовтың
«Бұқтырма
сарыны»
повесінің
көркемдік-
идеялық
ерекшелігі**

Адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынас Қалихан Ысқақ шығармаларының негізгі мәселелері болып табылады. «Бұқтырма сарыны» – философиялық астары қалың шығарма. Шығармаға арқау болған жайт – Алтай өңірін, Бұқтырма өзенінің бойын мекен еткен адамдардың өмірі. Жазушы өз шығармасына кейіпкер етіп, көптің бірін емес, тағдыры өзгеше, болмысы-бітімі, ой өрісі елден бөлектеу, тағдыры қиын жанды таңдап алған.

Ол бас кейіпкер Жөггер шал. Рас әу-баста Жөггердің көптеген жөгерлерден айырмасы жоқ, өз кезеңінің типтік өкілі еді. Ол дүние, мүлік, мал жиып, отбасын асырап күн көрмек болды. Өз қожайынын құдайдай көріп, «бар көргені соның пұшпақтай жерін өңдеп, егінін сеуіп, астығын жинап беріп, итше қорыған адал еңбек» етті. Тарихи кезеңнің, қиын заманның, толқымалы әлеуметтік ортаның, қарапайым еңбекші жанның психологиялық ахуалы қаламгер үшін басты шығармашылық нысан болды.

Осынау мінезі де оқшау, әрекеттері де біртүрлі Қалихан кейіпкерінің ой қисынын саяси-әлеуметтік өзгерістер контекстінде және экзистенциализм философиясы аясында қарастырсақ, түсінуге де болатындай. «..Болмысында күрескерлік рух жоқ жандардың

ашық күн, бейбіт шақта да оп-оңай адасатынына, салы суға кетіп аяқ астынан күйреп, күйзелетініне шал образы куә» [1, 23] – дейді Жөгер шал бейнесі туралы сыншы С.Әшімбаев.

Қ. Ысқақ 1968 жылы жазған осы шығармасында жөгерлерге билік құрған жалпы социалистік қоғамдық формацияға қарсылығын ашық көрсететін күрескерлік рух дарыта алмауы түсінікті. Тек емеурін, астармен қоғамда осындай да әрекетшіл адамдар бар екенін мезгеп, шынайы көрсете алған.

Күрескерлік рухтың алғашқы бастамасы қалыптасқан жағдайға, үйреншікті тәртіпке деген қарсылық, наразылық. А. Камю өзінің «Бүлікшіл адам» ұғымын талқылауда оны «жоқ» дегенді айта алатын адам деп түсіндіріп, күрескерлік рух «теория жүзіндегі теңдік іс-жүзіндегі ғаламат теңсіздіктерді жасырып тұрған қоғамда» өзін еркіндікке жібереді дейді. Расымен, кеңестер одағы құрылған алғашқы жылдары көптеген әлеуметтік әділетсіздіктер, күштеп ұжымдастыру халыққа көп зардабын тартқызғаны тарихтан мәлім. Бұған көндігіп, жаңа құрылымға икемделгендер де бар. Ал Жөгердің бір емес үш рет, бар тірнектеп жиған дүниесінің талан-таражға түсіп, одан айырылып қалуы, сондықтан бір емес үш рет үдере көшуі, оның үлкен наразылығының белгісі. Жөгер жаңа қоғамға өкпелі, одан көңілі қалған тип. «Советке деген іштегі мұздай қатқан беріштің алғашқы байланған сәті осы кез. Сол беріш күн өткен сайын ұлғая түспесе кеміген жоқ», – дейді автор [2, 109]. Оның іші билікке деген қыжыл мен запыранға толы. Құла түзге көшуі – оның қоғамнан жырақтауы. Өз ойындағы барлық әділетсіздіктерге жол берген қоғамды жатсынуы.

Қалихан Ысқақ шығармасындағы жатсынудың төркіні қазақ әдебиетінде 1970-1980 жылдардағы шығармаларда көрініс тапқан жатсынулардан бөлектеу. Егер Оралхан Бөкеев мен Дулат Исабеков шығармаларында адам жанында болып жатқан психологиялық жатсыну жақсы көрініс тапқан болса, Қ.Ысқақ өзінің Жөгер шалы арқылы жатсынудың саяси төркініне көз жіберіп, әлеуметтік жатсыну мәселесін алға тартады. Яғни жазушы тұлғаның жан дүниесінде болып жатқан өзгерістердің қоғамдағы әлеуметтік, саяси өзгерістермен байланысы бар екенін тайсалмай бейнелейді. Реалист жазушының өмір заңдылықтары тұрғысынан бейнелеп отырған әлеуметтік жағдаяттардың соңын алдын ала болжап қойғаны байқалады. Себебі қантөгіспен, төңкеріспен, зорлықпен орнаған талай тоталитарлық жүйенің ақыры күйреп тынғанына тарих куә. Жөгер өзгелер мен өзінің арасындағы қатынастың жібін үзе отырып, өзінің тіршілігі үшін қажет байланыстардан ғана емес, өзінің қоғамдық болмысынан да бас тартуына тура келді. Мұнан күрделі адами қарым-қатынастарда «жеке меншік» үшін астыртынкүрес қоғамнан жырақтаудың пәрменді күшіне айналғанын көреміз. Яғни адам характерінің өзгеруі басқа түскен тарихи жағдаяттың салдары. Бір жағынан қалауына жете алмайтын, екінші жағынан қолында барды қанағат етпейтін, көндігуге де мойынсұнбайтын адам драмасы оның бойындағы рухани бастаулардың өлуіне себепші болғанын көреміз.

Сағат ағамыз айтқан ашық күн, бейбіт шақ дегенінің өзі әркімге әрқалай екенін көруге болады, жазушы кейіпкері мұның өзіне де күмәнмен қарайды. Себебі Жөгер үшін бүкіл әлем жау. «Ал, Жөгерге салса, анау теңізі де, мынау күре жолы да құдай тағаланың тек өзінің басына ғана жіберген қырсығы мен зауалы», – дейді автор [2, 117]. Осы жағынан келгенде, шығарманың көркемдік әлемі экзистенциализм философиясымен қабысады. Яғни мына үрейлі әлемнің жаулығы, кейіпкердің тағдыр алдындағы шарасыздығы, оның ғаламдық жалғыздығы, қоғамды, адамдарды жатсынуы секілді экзистенциализм ағымының көптеген модустарын шығармадан көреміз.

Мына жау әлемде жалғыз қалған адамның пешенесіне жазылған оқиғаларды суреттеу арқылы экзистенциалисттер адам тағдырының міндетті түрде орындалатынына, одан қашып кету мүмкін еместігіне сенген. Шығармада тағдыр ұғымына да үлкен мән берілетіні сондықтан. «Қайда қашса да, алдынан қорқыттың көріндей кес-кестеген ку тағдыры Жөгерді қуалап әкеліп...қамады» [2, 117]. Оның ырқына көндігуден басқа амал



жоқ. З. Серікқалиевтің «Жөгерді – өз тағдырының құлы» деп атауы орынды шыққан [2, 61].

Кейіпкер бұл дүниедегі барлық заттарға жатсына, жауыға қарайды. Жөгердің ұнататынынан, жеккөретіні көп. «Шалдың бұл дүниеде тағы бір жеккөретіні осы торшолақ. Неге екені бегісіз, көзіне түскен сайын малға емес, адамға деген іс қатпарындағы бар ыза, бар кегі мен өкпесі-сақпасы божыған идея қыжылдап шығып келетіні бар. Бұл фәнидегі өтті-кеттісі мен көрер-көрмесін, татар қазабы мен азабын пұшайман болған бүгінгі қауқарын есіне салғандай күйік боп итініп кеп тұрғаны», - дейді автор [2, 100].

Жақтыратынынан, жақтырмайтыны көп. «Ол судың мезгілсіз тасығанын да жақтырмайтын. Жалпы мезгілсіз дүниенің бәрін де харамға санап, мезгілсіз кеткенді, мезгілсіз өткен жүргінді, мезгілсіз соғатын амал мен сәуірді жақсы ырыммен жорып көрген емес. Биыл да кесірге бола жаз ерте шығып, күн қауырт ысып кетті де Алтайдың қасық қарына дейін айдап түсіп, сай-сала өзен біткенді суға толтырып жіберді. Әйтеуір өз қара басынан аулақ, басқаның маңдайына жазған кесапат болса жақсы-ау» [2, 101].

Трагедиялық пафос – экзистенциализм эстетикасының басты категорияларының бірі екендігі белгілі. Адамның қоғамнан жырақтауы, тұлғаның екіге жарылуы, адамның өзіне өзі жатсынуы, әрине бұл құбылыстар әрқашан трагедияға толы болады. Жөгер трагедиялық бүкіл әлемді, қоғамды, айналасын жатсынуы ғана емес, өз отбасын да жатсынып, жауып көруі. Отбасын жатсынудың салдарынан онда болуы тиіс жақын қарым-қатынастар ыдырап, шаңырағы күйреді. Ол тек саяси жүйеге наразылық танытып, қоғамда қалыптасқан нормаларға ғана қарсы шыққан жоқ, оның қиқарлық философиялық адамгершілік нормаларына да қарсы әрекеттер жасатқызды. «... тіске сыздық қылып даяр ас таппай қатынын сыбады. Қырманға кеткені есіне түсіп, «бұл қаншық мен жарылқай ма, жоқ өкіметті жарылқай ма» - деп зығырданы қайнады. Дәл осы ашудың үстінде Агафияның келе қалмасы бар ма. Оған қатынның алая қараған көзқарасы да суықтан бұйығып жатқан байын кісімісің деп елеместен, есікті қасақана аңырата ашып кеткен қылығы да ұнаған жоқ.

– Жап, мына қараң қалған моланды! – деп бақырды ол. Бірақ Агафия күндегісіне бығыса қоймады. Әдейі жынына тигісі келгендей қаннен –қаперсіз:

– Теке сасыған сорлы, тұншығып өлейін деп пе едің?! – деп бетінен алып тастады.

... Ол орнынан атып тұрды да жүкті әйелді тура кіндіктің басынан ыңқита бір тастады. Агафияның «ах» деуге шамасы келмей қалды. Демі таусылып, талма ауруы үстем адамдай қол-аяғы дірілдеп, көзі аларып, еденге ұшып түсті» [2, 111].

Жөгердің адамгершіліктен аттап, қателіктер жасауына оның шынайы өмірлік деректерін қабылдағысы келмеуі де себеп. Агафия тек өкімет үшін жұмыс істейін деп кеткен жоқ қой. Ол шалының шаруасына көмек болсын деген ниетпен кеткен. Жәтпін Агафияның осы ойын бағалай алған жоқ.

Жалпы, Жөгердің өкіметке деген өкпесі еш нәрсені дұрыс бағамдап шешу мүмкіндік бермейді. Ұлын соғысқа жіберу, жібермеу мәселесін ойланғанда да: «... мен өкімет, мен өкіметті асырап отырған жоқ. Өкіметтің мендегі, менің өкіметтегі ұлым қанша? Баламды майданға жібермей қойсам маған не істейді?», «... Советке бола мұндағы ұлы соғысқа неге барады? Шейіт боп кетсе ше? Сонда ненің құны үшін, кім үшін оны ұшпақ?», - деп шалақ ойлап, ұлын тайғаға қашырып, жабайы етеді [2, 115]. Ақыры қолдан қашқын жасаған сол ұлының кісі өлтіріп, күнә жасауына да себепші болды. Әрі оған бері ойлап, бәленбай жыл қашқын боламын деп жабайыланып кеткен ұлына милдетпен барып, беріл деген ой айтады. Осы үшін әкелі-балалы екеуі қан болып төбелескен. Яғни өкіметке деген наразылықпен істеген әрекеті әрқашан Жөгерге өзіне бас қайғы боп шығып отырды.

Жазушы кейіпкеріне болысып, оны құптап отырған жоқ. Немесе оны ашық сөгуден де аулақ. Мұнда автор мен кейіпкер арасындағы қарым-қатынастың күрделі бір формасы тандалынып алынған. Егер Қ.Ысқақовтың алғашқы шығармасы «Қоңыр күз еді» шығармасында кейіпкер мен автор арасындағы қатынаста барлығы айқын болса, автордың кейіпкеріне болысып, отыруы, кейіпкердің психологиялық портретінен, жанама және тура мінездеулерден, оқиғаның даму барысынан авторлық эмпатияны бірден аңғаруға болатын болса, мұнда кейіпкер авторлық ұғымдарға антипод деп те айтатындай жазушы өз кейіпкерінің әрекеттерін ашық сөгіп, немесе біржақты нашар бағалап отырғанын көрмейміз (тек авторлық шешім болмасаса). Аянның аузымен берілген «қырсық шал», Агафияның ойымен берілген «қатігез ері» [2, 111] деген бағалауларда ғана болмаса, автор оны жер-жебіріне жеткізіп айыптамайды. Рас, Жөгер шалдың қырсық мінезі, шалыс басқан әрекеттері, адамгершіліктен аттаған сәттері, рухани енжарлығы, өмірде өзі істеген істері үшін өкінетін жайттары көп. Бірақ немересі Дуня атасының қикар, қатал, керек жерінде немересін сабап алатын мінезін жақсы білсе де: «Оның он алты жасына дейін өмірден бар түйгені, білгені – адамдардың үш-ақ сорты; бірінші сорты – атасы, екінші сорты – мылқаулар, үшінші сорты – бәдіктер. Әрине, оның ішінде атасы ақылдылар тобына жатады да, қалған екі сорты – харам дүниенің «құдайдан безген» пенделері» деген ойтолғамы да оқырманды екі ойлы етеді.

Мұнда кейіпкер автор белгілеген симпатиялар мен антипатиялардың шегарасынан тыс деуге болады, мұнда жазушының өзі оқырманмен бірге адам жанының күрделі қалтарыс-бұлтарыстарын қойма ақтарғандай бірге ақтарып, жұмбағын бірге шешкісі келетіндей. Тағдырдың жазушымен осындай күйді басынан кешкен Жөгердің жасаған әрекеттерін түсіндіргісі келмейді, керісінше түсінгісі келетіндей, оның жасаған әрекеттеріне түрткі болған, осылай істеуге итермелеген жағдайды ашып, тағдырын алақанға салып көрсетіп, оқырманның өзіне осы жайтты сезінуіне мәжбүр етеді. Автор Жөгерді қоғамдық әділетсіздіктің құрбаны деп пафосты суреттемесе де, осы бір жанның өмірінің бақытсыз өтуіне биліктің де бір ықпалы болғанын астарлап көрсеткен. Әрине, адам баласының басына түскен зауалдарға көндікпеймін деп наразылық танытып, бұлқынуы әрқашан жеңіліске әкеледі. Дегенмен бұл да Сизифтің біз үшін зая боп көрінетін, өзі үшін қажет болған өз еңбегі секілді, Жөгер үшін де осындай бос жөгершілдік қажет екенін жазушы көрсете алған. Мейлі индивидуалды бүлікшілдік мақсатына жетпесе де, әлемнің тағдырын шеше алмаса да, ол тағдырын жасайтын, әрекетке жетелеп отыратын мотивтер.

Бір қарағанда Жөгер шалдың өмірі мәнсіз өтті. Өз әрекетімен, үкіметке қырсығуымен Жөгер кімге, нені дәлелдеді? Ешкімге, ештеңені де дәлелдей алған жоқ. Ақыры өзі де, отбасы да бақытсыз болып өмірден өтті. Оның зая кеткен ғұмыры трагедия емес, фарс секілді де. Билікпен ашық күреске түспей, өз өмірін құрту арқылы наразылығын танытуы – абсурд. Сыншы З.Серікқалиевтің «Ақ жол кітабында» Жөгер шал туралы «Бар ғұмыры ұсақ, күйкі тірліктен аспаған, жер берінде ізі қалмаған, жыбырлап өскен адамның өткен жолына оқушының қиналысынан гөрі аянышы басым» -деп бағалауы сондықтан болар [3, 61].

Дегенмен экзистенциализм эстетикасында мына элем соншалықты жау болса да, мына элем трагедияға толы болса да, әдетте авторлық позициядан адам тұлғасы, оның өзіндік пікірі, өзіндік ерекшелігі (самобытность), бостандығы үшін ашық болмаса да, күрес нышанын көруге болады.

Өзі қол жеткізе алмаған бостандыққа тек барлығынан арылып, аралары да қашып, немересі де кетіп тынған соң, яғни элеуметтік байланыстардың барлығы үзілгеннен кейін қол жеткізгендей болады. «Өзін-өзі ғұмыр бойы азапқа салып, тамам жұртпен атысып-шабысып, біреуге қан жұтқызып, біреуге қиянат жасап, өткерген тиянақсыз өмір елестері де бүгінде көңілден біржола өшкен. Туғаннан да, туыстан да «күнәкәрлігі көп» былайғы



дүниеден де безіп шығып, ес білгелі бері аңсаған бас бостандығына енді ғана жеткендей рахатқа батты» - делінеді шығармада соңында [2, 154].

Яғни, Жөгердің өмір бақи армандаған арманы қоғамнан, жеке өміріне киліге берген өкіметтен азаттық. Бастан кешкен михнаттың барлығы осы азаттық үшін істелгеніміз көреміз.

Повес сюжеті контрастілі екі желі бойынша дамытылып, суреттеледі. Бірі – жастықтың жарқын, үмітке толы желісі. Ол немересі Дуня мен Аянның қарым-қатынасы, таныстық-білістік, бірін-бірі ұнату хикаясы болса, екіншісі – Жөгер шалдың, яғни өткенге көз жіберіп отырған кәріліктің өкінішке толы, болбыр желісі. Сюжеттің екі желісі контрастілі болғанымен, жазушы категорияларды, заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды тура қарама-қарсы қойып суреттеп мифке айналдырмайды. Жақсылық пен зұлымдықтың арасындағы айқын күрес те жоқ.

Шығарма табиғатын тану үшін ондағы образдар философиясына үнілген жан. Мұндағы Жөгер мен Аян образдарының философиясы контрастілі болып келеді. Жөгер өткенін тәрк етіп, қоғамнан жерініп, айналасын құрметтемесе, Аян болса өткенін, тарихын, салт-санасын, әдет-ғұрыпын, адами құндылықтарды рухани байлық ретінде танып алған жан. Оған оның Абай өлеңдерінің тереңіне бойлап, Тәттімбеттің күйлерін тебіренгендей тыңдауы дәлел. «Әйтеуір, кеуілінде бір үміт, көңілінде бір саңылау бар» [2, 135] - деп суреттейді автор Аянды. Аянның Дуняның ендігі тағдыры үшін өзін жауапты сезініп, оны алып кетуі де оның азаматтық болмысын танытады.

Шығармадағы көркем уақыт өмір шындығын бейнелеудің бір құралы болған. Егер Жөгер шалдың ауыр естеліктерінде уақыт тоқтап қалатын секілді болса, Аян мен Дуня арасында уақыт тоқтаусыз тез өтеді. Уақиғаны баяндау жылдам, ойнақы ырғақпен дамиды. Жастардың арасындағы диалогтан 1965-1970 жылдар арасындағы өмір шындығы сол қалпында көрінеді. Сол кездері сән болған музыка, сол кездері танымал болған эртістер, сол кездегі әйгілі журналдар барлығы шынайы бейнеленеді. «Эх, птичка, Птичка!... – деп күрсінді Аян – қартайғанша әліпті таяқ деп білмей дүниеден өтесің-ау!

– Үйретсей.

– Пожалыста, үйретейін, өзің құлық қоямысың?

– Қиын шығар – деп Дуня күмілжіп қалды.

– Онда тұрған еш қиындық жоқ, – Аян көпшік үстінде бұрқыраған қағида қиқымдарын багажникке бүктеп-бүктеп қайта тығып жіберді де, қолына «Советский экранды» алды [2, 93].

Бірақ ол өмір шындықтары ерекше назарға түспей-ақ, жанамалай, жорта көрсетіледі. Бұл бір жағынан жазушының «көркем шығарма зерттеу емес, информациядан аулақ болуы керек» деп бір сұхбатында айтқан ұстанымын байқатады.

Повестегі интерьер де тек кейіпкердің өмірлік ортасын, әлеуметтік жағдайын ғана көрсетіп тұрған жоқ, ол жалпы шығарманың көңіл-күйін байқатады. «Жапан түзде, жарбайған жетім үй», «керексіз қараң қалған ескі жұрттай ... шағын шаруа», «бұрыштағы жесір тал», «мешел кара монша», «қуықтай бөлме», «уілдеген пеш», «жалғыз терезе», яғни бар заттық әлем жалғыздық поэтикасына бағынған. Бірақ осы жалқы заттар санамаланып көрсетілмейді. Олар асқан шеберлікпен шығарманың көркемдік әлемінде енгізілген. Мәселен, мына бір үзіндіде «бермен қараған жалғыз терезенің алдындағы тулақтай жарықтың төбесінен кесек-кесек жауын тамшылары ауаны тілгілеп, осып түсіп жатыр. Тулақтай жарықта тезекке үймелеген шыбын-шіркейдей ұсақ тамшылар секіріп билеп жүр» [2, 134] деп жазушы жалғыз терезені, одан түскен болмашы жарықты сөзбен жанды суреттейді. Немесе «Тот басқан ескі қолжуғыштың кіндігінен аққан су тамшысы ақсақ орындықтың үстіндегі мықырайған темір шелекті сылп-сылп ұрғылап, шалдың жарық дүниедегі ендігі қалған бар уақытын там-тұмдап өлшеп тұрғандай» [2, 134] – деген суреттеуден қолжуғыштан аққан судың тамшысын есту үшін құлаққа ұрған танадай безірейген тыныштықты аңғарады оқырман.

Автор ерлігі 1968 жылдың өзінде кеңес үкіметіне қарсы адамның тағдырын суреттей алуымен ғана емес, шығарма астарынан ұлттық идеяны да көрсете алуы. Ол сюжеттің жалпы даму желісінен көрінетін – елдік мұрат. Кержак шалдың ұлы Федордың жер бетінде табытының да қалмауы, әуелі қызы Настя, содан кейін немере қызы Дуняның қашып кетуі, кержактың осы жерге, яғни қазақ жеріне тамырын жая алмауын, көктеп-көгере алмауын көрсетеді. Себебі оның жалпы табиғаты, діні осы өлкеге жат. Қарапайым қазақы психологияда: «байлық қолдан таяр – мұз, бала артта қалған – із, дүниенің қызығы – сіз бенен біз». Яғни Жөгердің артынан із қалған жоқ. «Ой да бір тұңғық, кешсең өте алмайсың, ұстасаң уысында тұрмайды, әйтеуір лыпып аққан ағын су. Өзінің із-тозсыз ғұмырындай» [2, 143] - делінген шығармада. Шығарма атауын автордың «Бұқтырма сарыны» атауының мәні осымен байданысты. Ал Жөгер шалдың тағдырында қандай сарындар (мотивы) басым болды? Жалпы адам баласын алға жылжыту үшін қандай өмірлік сарындар басым болуы керек деген күрделі философиялық мәселелерге ұласады.

Іштей бөлектену, сырттай бөліну, ортадан жеріну, пікірден айну, ойдан қайту, кектену, амалсыз қалу секілді рухани-тұлғалық мәселелер сарынына жазушының ерекше назар аударуы тегін емес.

Автор елеусіз детальдар арқылы да кержактың менмендік психологиясын ұтымды көрсетеді. «Қақпа жыртиып қана ашылды; Саңылаудан мыжырайған жабағы беттің жармысы, жалғыз көз, қызылшақа кепештің жармысы ғана көрінді.

– Не керек саған?

– Күрек, балта керек.

Сарпылдаған башпақ тықыры ауланы ұзақ қыдырып, не заматта қақпа алдына қайтып оралды.

– Бір теңге деді шал күрегін ұсынып. Сосын балтасын көрсетіп, – бір теңге, – деді тағы да.

– Ол тінтікілеп жүріп Аяның алақанынан тек күмісті ғана теріп алды, қолжуғышқа барып сабындап жуды, көйлегінің етегімен сүртті де бастырмада ілулі тұрған көн аяққапқа тастай салды» - бұл Аяның балтаны сұрап алған кездегі кержактың әрекеті. Енді оны қайтарған кездінде де:

«... Аян сипалап жүріп күрек пен балтаны тауып алды да, шалдың аяғына былш еткізіп, тастай салды.

– Сен-ақ малдан, – деді шал. – Маған енді қажеті жоқ.

– Жеркенесің ғой? ... Әлде тағы да үш сом жеті тиын берейін бе?

– Түкіргенім бар сенің үш сомыңа!» [2, 134]. Осы елеусіз деталь арқылы автор кержактың жалпы ұлтты жатсынуын шебер көрсете алған. Өзі сол ұлттың жерін мекен ете отырып, шаңыраққа қарамастан ол жерде өз тәртібімен өмір сүргісі келеді. Жергілікті ұлтқа менсінбей, жоғарыдан қарайды. Ол ұстаған затты енді қайтып ұстауға жиіркенеді. Алтай кержақтарының осындай дәстүрлі мінезі болғандығын Оралхан Бөкеевтің шығармаларынан да байқап қаламыз. Соншалықты жиіркенсе, ол кеткен соң лақтырып жіберуіне болатын еді ғой. Бірақ шал затты көрсетіп лақтыру арқылы келесі ұлтты көзінше төмендетіп, қорлап, намысына тиюдің құралын көреді.

Шығарма соңында Жөгер шалдың денесі әйелінің зираты басында қалып аяқталуының да өзіндік мәні бар. Яғни соңғы перде автор сотының үкімі десек те болатындай. Қазақ «көптен кеткен көмусіз қалар» дейді. Аян өз ойында Жөгер шал туралы «жұрттан бір уыс топырақтан басқа не тілейді» деп ойлаған. Әрине, ол қазақы түсінік бойынша ойлап тұр. Автор көпті жатсынған Жөгерге көптен бір уыс топырақ та бұйырмай кеткенін тұжырып алып отыр. Автордың бір сұхбатында айтқан «Талайға мекен болған Алтайдың баурайында қашып-пысып келген талай пенде тұрақ тапқан. Алайда, тектілік танытпасан, құрып бітетін жерің де осы Алтай» деген туған жерін қасиет көретін, кастерлейтін ойы осы шығармаға арқау болғанының айғағы.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: Әдеби-сын мақақалар, портреттер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.
- 2 Ысқақ Қ. Хикаяттар // Бұқтырма сарыны. – Алматы, Раритет, 2004. – 300 б.
- 3 Серікқалиев З. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1990. – 464 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье раскрывается идейно-художественная особенность повести «Бухтарминские напевы» выдающегося писателя К. Исакова. Авторы статьи рассматривают повесть в русле философии экзистенциализма. В художественном мире повести доминирующими становятся экзистенциальные модусы: враждебность мира, отчаяние человека перед судьбой, одиночество, отчужденность. Особое внимание уделяется социальному виду отчуждения. А также раскрываются новые, национальные смыслы, заключающиеся в подтексте произведения, которые тщательно скрывались в советское время.

RESUME

This article reveals the ideological and artistic peculiarity of the story «Bukhtarminskiy melodies» by the outstanding writer K. Isakov. The authors consider the story in line with the philosophies of existentialism. In the artistic world of the story there become dominant existential modes as the hostility of the world, despair of a person before fate, loneliness, estrangement. Particular attention is paid to the social form of alienation. And also new, national meanings are revealed that are in the subtext of the work, which were carefully hidden during the Soviet era.

Буркитбаева М.А., Исаева Ж.И. Жалпы орта мектептердегі эссе жанрын жазуға үйретудегі функционалдық стильдің рөлі.....	170
Керімбекова Б.Д., Мансурова Э. Көркем шығарманы талдауда пайдаланылатын тапсырма түрлері.....	175
Бейсенбаев О.Т. «Жібек жолы» бойындағы Қазақстан мен Қытайдың білім саласындағы ынтымақтастығы.....	179
Изтелеуова Л.И., Ельжанова Е.Т., Иманжанова Б.Е. Различные формы краеведческой деятельности: перспективы развития.....	184

ФИЛОЛОГИЯ

Дәуренбекова Л.Н., Солтанаева Е.М. Қ. Ысқақовтың «Бұқтырма сарыны» повесінің көркемдік-идеялық ерекшелігі.....	188
Момынова Б., Әнесова Ү. Мәтінде ишарат пен ым орнына жұмсалатын тілдік бірліктердің семантикасы.....	195
Әбділәшімұлы Д. Жарлық хаттар – аса маңызды тарихи дереккөз.....	202
Садықов С. «Қазақ әдебиеті» газетінің кеңестік дәуірдегі редакторлары.....	210
Рысбаева Г.Қ. Түркі халықтарының аспан денелеріне ерекше құрметі.....	216
Адаева Е.С. Қалнияз Шопықұлы шығармаларының көркемдік сипаты.....	222
Жумасейтова Г.Т., Исламбаева З.У. Чеховские полутона в режиссерском прочтении Р. Андриасяна.....	228
Тажимаева С.Ж., Мүтәлі Ә.Қ., Қадысқызы А. Жаһандану үдерісіндегі Қытайдағы аз ұлттардың тіл мәселесі.....	234
Оразханова М.И., Ергалиева С.Ж. Көркем шығармалардағы қонақ күту дәстүрінің көрінісі (Мектеп бағдарламасы негізінде).....	242
Сүйінжанова Ж.К., Әшірханова Қ.М. Қазақ тіліндегі салт-дәстүр атауларының сөзжасамдық семантикасы.....	247

Бауыржан

Момышұлы әскери

өмірбаянының

Ұлы Отан соғысында

дейінгі шағы

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың Редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Публикуемые материалы отражают точку зрения авторов, которая может не совпадать с мнением Редакционной коллегии журнала. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи не рецензируются и не возвращаются.